

Талдықорған қаласы Еркін ауылы көшелеріне ат қою және олардың атын өзгерту туралы

Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2009 жылғы 26 қарашадағы N 151 шешімі және Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 26 қарашадағы N 27-872 қаулысы. Алматы облысының әділет департаменті Талдықорған қаласының әділет басқармасында 2009 жылы 25 желтоқсанда N 2-1-108 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13-бабының 4) және 5) тармақшаларына сәйкес тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Талдықорған қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Талдықорған қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Еркін ауылы Көктал тұрғын ауданының көшелеріне келесі аттар қойылсын:

N	1	көшесіне	-	"Күреңбел";
N	2	көшесіне	-	"Дауылды";
N	3	көшесіне	-	"Көкбастау";
N	4	көшесіне	-	"Сатылы";
N	5	көшесіне	-	"Қарашоқы";
N	6	көшесіне	-	"Жусанды";
N	7	көшесіне	-	"Келешек";
N	8	көшесіне	-	"Шалқар";
N	9	көшесіне	-	"Жағалау";
N	10	көшесіне	-	"Атшабар";
N	11	көшесіне	-	"Ойтоған";
N	12	көшесіне	-	"Теректі";
N	13	көшесіне	-	"Таңбалытас";
N	14	көшесіне	-	"Тамшы";
N	15	көшесіне	-	"Долана";
N	16	көшесіне	-	"Көктөбе";
N	17	көшесіне	-	"Талды";
N	18	көшесіне	-	"Арша";
N	19	көшесіне	-	"Жаңалық";

№ 20 көшесіне - "Балбырауын";

№ 21 көшесіне - "Қоғалы";

№ 22 көшесіне - "Табиғат".

2. Еркін ауылының келесі көшелерінің аттары өзгертілсін:

"Лесная" көшесі - "Болашақ" көшесіне;

"Транспортная" көшесі - "Қарасу" көшесіне;

"Заречная" көшесі - "Бұлақты" көшесіне;

"Клубная" көшесі - "Береке" көшесіне;

"Полевая" көшесі - "Балықты" көшесіне;

"40 лет победы" көшесі - "Жеңіс" көшесіне;

"Комсомол" көшесі - "Бесшатыр" көшесіне.

3. Еркін ауылы Көктал тұрғын ауданы көшелерінің аттары өзгертілсін:

"Мира" көшесі - "Үлгілі" көшесіне;

"Юбилейная" көшесі - "Азат" көшесіне.

4. Еркін ауылының 3 бөлімшесі көшелерінің аттары өзгертілсін:

"Крижановского" көшесі - "Шұғыла" көшесіне;

"Вишневский" көшесі - "Көкбастау" көшесіне;

"Лавочкина" көшесі - "Майтөбе" көшесіне;

"Арычная" - "Раушан" көшесіне;

"Степная" - "Жазық" көшесіне;

5. "Талдықорған қаласының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (М. Қалиев) көшелерді атауы және оларды қайта атау жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Көлбаевқа және қалалық мәслихаттың жастармен жұмыс, халықтың денсаулығын қорғау, білім және мәдениет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (**Ә б і ш е в а**) .

7. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Жылқайдаров

*Кезектен тыс 19 сессияның
т ө р а ғ а с ы ,*

қалалық хатшысы

М. Бопазов